

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ҰСТАНЫМДАРЫ

Абдильдина Х.

Аннотация

Қоғамның әлеуметтік-саяси және құндылықтық нормаларының іске асуының негізгі субъектісі жастар болып табылады, сонымен қатар, олар әлеуметтік мәдени нұсқаларды мұра ету және оларды іске асыруда, оларды жеке әлеует негізінде өзгермелі өмір ақиқатымен өзгерте алуға және болашақ ұрпаққа жеткізе алуы, соның негізінде социумның дамуына өз үлесін қоса алуға қабілетті болып табылады. Жастардың әлеуметтік-саяси ұстанымдарының қоғамдық-саяси үрдістердің ықпал ету нәтижесінде өзгеруін зерттеу әлеуметтік – философиялық түсінуді қажет етеді, ол оның табиғатын жан жақты ашуды, берілген мәселенің жастар санасы мен іс-әрекетінің қалыптасуына әсерін тереңірек түсінуге, жастардың жеке және топтық санасының қалыптасуының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік туғызады.

Кілттік сөздер: жастар, әлеуметтік-саяси ұстанымдар, ұрпақ сабақтастығы, демократиялық құндылықтар

Кіріспе

Қазіргі таңда жастарға патриоттық тәрбие мен білім беру деңгейіне қатысты сұрақтар қазіргі қоғамның маңызды сұрақтарының бірі болып отыр. Бұл мәселе экономикалық, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар зерттеулерінде маңызды. Өйткені, жастарда этикалық, мәдени, білім беру секілді түсініктерді қалыптастыру, ең алдымен анализ бен синтезді қажет ететін философиялық категория болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі - оның жаһандану жағдайындағы Қазақстан жастарын рухани-адамгершілік

негізде тәрбиелеудің негізгі мәселелерін зерттеуге арналуында болып табылады. Қазақстанның болашағы, елдің экономикалық, саяси және мәдени келбетінің сипаты біздің қандай жастарды дайындауымыз бен тәрбиелеуімізге байланысты.

Ғылыми-зерттеу жұмыстың іске асуында: ең алдымен, жастардың әлеуметтік-саяси, экономикалық мәдениетін қалыптастыру концепциясы құрылады, екіншіден, берілген мәселе бойынша нақты іс-шаралар жүргізіледі.

Зерттеу материалдары мен әдістемесі

Зерттеудің әдіснамалық негізі – дамудың диалектикалық принциптері, аксиологиялық бағыт, жүйелік талдау, әлеуметтік-мәдени бағыт, әлеуметтанулық сұрау, статистикалық талдау болды. Жұмыс барысында зерттеудің бұл әдістерін қолдана отырып, Қазақстан жастарын рухани-адамгершілік тәрбиелеу мәселелерін кешенді зерттеуге әрекет жасалынды.

Қазіргі замандағы интеграция және жаһандастыру үдерістері қоғамның барлық салаларына өз әсерін тигізуде. Адамзат қауымы, соның ішінде жастар экономикалық, саяси, рухани байланыстары мен қатынастарының интенсивті дамуына байланысты пайда болған күрделі, әрі әртүрлі қарама-қайшылықтармен бірге жаңа сапалы жағдайға өтіп келеді [1]. Қоғамдық және өзіндік сана түрлерінің дамуы және бейімделуі күрделі жағдайда өтуде, ол ұлттық шек пен адамзаттық шек айналасында жүруде. Бұл жағдайда халықтың, соның ішінде жастардың жалпы рухани көңіл-күйін, ойлау сипатын, әлеуметтік-саяси ұстанымдарын түсіну және білу маңызды мәнге ие.

Мәдени аралық қақтығыс пен қазір туындаған белгісіздік жағдайында әлеуметтендірудің барлық деңгейін өтіп, жастар, бір мезетте санасында өзіндік ерекшелігімен ұштасып жатқан әртүрлі бейнелерді қабылдайды. Уақыттың мәдени шақыруына белсенді жауап қайтару нәтижесінде ол өзінің рухани қажеттіліктерін және қызығушылықтарын кеңейтеді.

Соңғы жылдардағы әлеуметтік дамудың нәтижесі көрсетіп отырғандай, ғылымда, мәдениетте

және әсіресе мемлекеттік, қоғамдық-саяси тәжірибеде қоғамдық сана, құндылықтар мен ұстанымдары, әлеуметтік қоғамдастықтардың өзіндік ұйымдасуы барысында ерекше назарға ілінуде.

Қоғамдық және саяси қарым-қатынастардағы әлеуметтік топтардың ерекшелігін ескеру, олардың қоғамның жаңа бағытына бейімделу жетістігіне де жағдай жасай алады.

Жастарды әлеуметтік топ ретінде қарастыра келе, оның болмысын әлеуметтік-гуманитарлық білім саласы бойынша зерттей отырып, бұл мәселенің үш бағыты бар екенін атап өткен дұрыс. Біріншісі, жастардың болмысына, ұрпақ сабақтастығы ретінде, ғасырлар бойғы ауқымды тарихи кезендердің ықпалымен қалыптаса отырып, қазіргі кезеңге сай бейімделу ерекшелігі, екіншісі, жастардың әлеуметтік-саяси ұстанымдары қазіргі қоғамда қалыптасып келе жатқан қоғамдық рухани болмыстың өзегі бола отырып жаңа қатынастар туғызып отырған құндылықтарды қабылдаудағы дайындық деңгейі және одан туындайтын ерекшеліктер, үшінші, жаһандану жағдайындағы жастар құндылықтар жүйесінің бірегейлігінің жасампаздығы.

Жалпы біздің ойымызша, өтпелі қоғамда ескі әлеуметтік-саяси ұстанымдар мен жаңа демократиялық құндылықтардың арасында қарама-қайшылықтардың болуы заңды құбылыс болып табылады. Алайда бұл қарама-қайшылықты реформалардың көмегімен немесе саяси

модернизация екпінімен жылдамдата жоюға тырысуға болмайды. Оның нәтижесі анағұрлым қауіпті жағдайға алып келуі мүмкін, себебі адамдардың санасындағы ұстанымдарың өзгеруі, саяси әлеуметтенуінің тиімді жүруі жүйелі түрде жүзеге асуы тиіс. Демократиялық ұстанымдарың қоғамдық санада тұрақты орын алуы үшін маргиналды топтар санының көбеюі кері әсерін тигізеді [2]. Сондықтан азаматтық, демократиялық саяси мәдениет ұрпақ сабақтастығымен қоғамға табиғи түрде еркін ене алуын қамтамасыз етуіміз қажет. Демократиялық құндылықтардың, заңды құрметтеу, әділеттілік, теңдік бір жағынан, ал екінші жағынан еркіндік, тұлғалық қасиет, адам құқығы және плюрализм үйлесімділікте әрі қарай дамуына біздің қоғамымызда толық жағдай жасалынған.

Жастардың әлеуметтік-саяси ұстанымдарын қалыптастыру үшін өзіндік сананың алатын орны ерекше. Алайда ол «біз» бен «оларды» қарсы қоюдан анықталмауы тиіс. Керісінше, басқалардың пікірлері арқылы өзімізді тану. Себебі адамның өзін-өзі танып білуі қандай қиын болса, халықтың да өзін-өзі танып білуі соншалықты қиынға түседі. Халық көбіне халықаралық деңгейде өзін таныта алады. Сондықтан халықтың құндылықтары осыған сай болуы қажет. Ол үшін халықты құрайтын әлеуметтік топтардың сана-сезімі, дүниетанымы, өзіндік санасы, мінез-құлқы жалпы менталитетті құруға лайық, әрі үйлесімділікте болғаны маңызды.

Әлеуметтік-саяси

ұстанымдарды қалыптастыруда мәмілелікті де айта кеткен орынды. Мәмілелік рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын дегенді білдіреді. Адамдар, топтар, қауымдастықтар, мемлекеттер арасында өзара сыйластықты, түсіністікті білдіреді. Біздің ойымызша, мәмілелік мемлекеттер, діндер, этностар, жеке адамдардың бір-біріне кешірім жасай білуі деп ұғынуымыз шарт. Өзіңнің санаңа, дүниетанымыңа бөтен жағдаяттарды бейбітшілік үшін жастардың бойына сіңіре беруге болмайды, оған түсіністікпен өзара кешірімділікпен қарауды жастарымызға үйрету қажет.

Жастардың әлеуметтік топ ретінде қарапайым қажеттіліктері сол бетінде қала береді, ал оның қазіргі қоғамда қанағаттандыру сапасының деңгейіне қойылатын талаптар күннен күнге өсуде.

Қазіргі мемлекеттік билік осы қажеттіліктерге байланысты тенденциялар тудыра отырып, материалды емес құндылыққа айналуға. Халықтың әлеуметтік және экономикалық жағдайын әр түрлі білімдер арқылы зерттеп және оған жауап беру арқылы көптеген саяси және мемлекеттік тәртіптер мен жүйелерді қалыптастырады.

Қазақстандық қоғамда нарықтық тәртіптерді орнату осы мемлекеттің демократиялық, унитарлық, құқықтық және әлеуметтік басқару жолына түскенімен тығыз байланысты екеніне күмән тудыруға болмайды.

Біздің ойымызша, бұл жағдайлар қоғамдық менталитеттің

мазмұндық жағын толық ашады, себебі, әлеуметтік-саяси ұстанымдар дегеніміз – тұтас бір қоғамды құра алатын және осы байланыстарды құрта алатын идеялар, түсініктер, алаңдаушылықтар, сын пікірлер.

Жастардың кейбір әлеуметтік-саяси ұстанымдарының пайда болуы саяси субъектілердің өзара қарым-қатынастарында кездесіп тұратын, негізгі ережелердің жиынтығын есепке алған саяси байланыстардың қайталануынан туындайды. Осыған байланысты саяси ережелер көрсетілген қарым-қатынастардың үлгісін жасайды, сол арқылы әртүрлі субъекттерді іс-қимылы мен саяси қатынастардың салдарын алдын ала анықтауға болады, соған сәйкес жекелеген саяси іс-әрекетті қалыптастырады. рухани ережелер саналы, логикалық немесе мақсатқа әдіс-тәсілдер бағынған кезде санасыз тәртіп ережелерінде көрінеді.

Әлеуметтік-саяси ұстанымдар саяси ережелерден көрінеді, ол дегеніміз тарихи қалыптасқан немесе құрылған, мойындалған стандарттар, ережелер, тәртіп үлгілері және іс-әрекеттер. Рухани ережелер көмегімен индивидтер мен топтардың әлеуметтік және саяси өзара қарым-қатынастарын реттеуді, тәртіпке келтіруді қамтамасыз етеді.

Ескере кететін бір жайт, кейде әлеуметтік-саяси ұстанымдар тұрақты, кей жағдайларда жалпыға міндетті сипатында болады. Бұл ерекшелік саяси ережелердің икемділігін азайтады, саяси оқиғалар кезінде өз бетімен бейімделу мүмкіндігі азаяды, сөйтіп саяси

ереженің регулятивті қызметінің тиімділігі төмендейді. Бұл жағдайда жаңа әлеуметтік-саяси ұстанымдарыпайда болып өзгерген жағдайға қабілетті бола алады.

Әлеуметтік-саяси ұстанымдар – әлеуметтік-саяси құндылықтар жүйесі құрылымындағы негізгі компоненттердің бірі. Әлеуметтік-саяси ұстанымдар әлеуметтік-мәдени үдерістерді бағалаушы құрал ретінде де қолданылады. Олар екі түрлі қызмет атқарады. Бір жағынан алғанда, әлеуметтік-саяси ұстанымдар саяси әлемді тану және шешім қабылдау үдерістерін қалыптастырады, содан келіп, жастардың тәжірибесіне негізделген, алайда білім арқылы сарапталмаған әрекетін де жылдамдатуы мүмкін. Жалпы өмірде көпшілік жастар қалыптасқан өмірлік ережелерге сыни көзқараспен қарай бермейді. Өз ойын айтатын жер болса да саяси ақпараттар жеткіліксіз болады. Осыдан келіп, жастар қалыптасқан қағидаларға жүгінеді. Жастар аса ақыл-ой жұмысын қажет етпейтін, шешім қабылдамайтын саяси оқиғалар мен жағдайларға жеңіл бейімделеді.

Басқа жағынан алып қарағанда, білімге негізделмеген ұстанымдар әлеуметтік-саяси таным үдерісін оңайлатқанмен, ол қарапайым саяси сананың қалыптасуына әкеліп соғады. Әсіресе бұл өз еркімен жұмыс жасай алатын азаматтық қоғамның дамуына жағымсыз әсерін тигізуі сөзсіз.

ҒЗЖ зерттеулері мен негізгі нәтижелері

Осыған байланысты төмендегі қағидалар мен тұжырымдарды ұсынуға болады:

1. Әлеуметтік-саяси ұстанымдар белгілі бір қауымның дүниені түсінуі мен қабылдауы, оның интеллектуалды, рухани сапасының ерекшеліктеріне негізделген. Сонымен бірге, әлеуметтік-саяси ұстанымдар жүйесі кешенді түрде әлеуметтік-психологиялық парадигма ретінде қалыптасып, тарихи дамудың нәтижесінде толығып, дамып отырады.

2. Әлеуметтік-саяси ұстанымдар жүйесі адам, топ, қоғам болмысын тұтас қарауға әрекеттендіреді. Осы бағытта бихевиористік және құрылымды-функционалды әдістердің қолданылуы зерттелді. Кез келген адамның, топтың, қоғамның нақты іс-әрекетінде мейлі ол, бейбіт негізде немесе шиеленіс негізінде болмасын ментальдықтың көрінісін аңғаруға болады.

3. Қазақстан қоғамына демократиялық үдерістермен қоса еніп келе жатқан құндылықтардың философиялық мәнін ашу. Қазақстандық қоғам жаңа мәдениеттің қалыптасып келе жатқандығымен ерекшеленеді. Демократияның құндылықтары мен принциптерінің мәнін толығымен түсіну, тұлғалық қадір-қасиетті дамыту, еркіндіктің, бостандықтың жауапкершілігін ұғыну, саяси плюрализмнің нәтижесіне болжам жасау, өз өміріне деген немқұрайдылықтан арылу, өзін-өзі басқарудың сапасын арттыру, жариялылықты қабылдау – бұның бәрі біздің қоғамымызға еш

қиындықтарсыз еніп келе жатыр деуге болмайды. Сондықтан мемлекеттегі өткір мәселелерді, жетістіктер мен кемшіліктерді анықтау және олардың түпкі себептерін ғылыми-философиялық тұрғыдан табу маңыздылығы тұр.

4. Қазақстан ерекше сипаттағы мемлекет. Оның өткені де, қазіргі күні де, болашағы да ерекше. Бұл жерде жалпы қазақстандық құндылықтар жүйесі қоғамдағы саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени үдерістердің тұғырнамасы ретінде қарау анықталды. Сондықтан гуманитарлық білім саласында қазақстандық қоғамның демократиялануындағы өзіндік ерекшеліктерді ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, оны демократияның жаңа түрі ретінде ғылымға енгізу қажеттілігі көрсетілді.

5. Қазақстандағы қоғамдық үдерістердің әлеуметтік-саяси болмысы астарының ерекшеліктерін әлеуметтанулық зерттеулерсіз анықтау мүмкін емес. Сондықтан Қазақстанның тәуелсіздік алған уақыттан бастап жастардың саяси-экономикалық өзгерістерді қабылдауы, қоғамдық өмірге қатысты көзқарастарын анықтау мәселелері бойынша жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулер жинақталып таразыланды. Осының нәтижесінде Қазақстандағы құндылықтар жүйесі өзіне тән белгілерін ашып айтуға болады. Олар: саяси көсемді елдің қорғаушысы ретінде түсіну, экономикалық-әлеуметтік өзгерістерге сабырлықпен қарау, бәсекелестіктен көрі мәмілеліктің маңыздылығы және т.б.

Қоғамдағы демократиялық үдеріс құндылықтары мен қазақстандық жастардың әлеуметтік-саяси ұстанымдары арасындағы өзара байланысты зерттеу барысында мынандай қорытынды жасауға болады:

- біріншіден, қоғамдағы демократиялық үдерісті дамытудың саяси, экономикалық, рухани, мәдени алғы шарттарының жасалуы қазақстандық жастардың әлеуметтік-саяси ұстанымдарында жаңа, сапалы өзгерістер әкелуде. Бұл өзгерістер көп жағдайда батыстық үлгідегі демократияның талаптары мен қағидаларының қазақстандық қоғамдағы рухани құндылықтар өзгешелігіне сай еніп келе жатқандығын айтуға болады. Қоғамның рухани құндылықтар жүйесін демократиялық құндылықтарды нығайта алатын мүмкіндіктері бар құбылыс ретінде қарауға болады. Сондықтан да, жастардың әлеуметтік-саяси ұстанымдарын қазақстандық рухани құндылықтар жүйесімен үйлесімді етудің нәтижесінде қазақстандық демократияның өзіндік ұстанымдары қалыптасады;

- екіншіден, демократияның басты құндылығы ретінде еркіндікке екі түрлі анықтама беруге болады, біріншісі, еркіндік дегеніміз – бақылаудың жоқтығы, екіншісі еркіндік дегеніміз бірінші кезекте жауапкершілік. Яғни саяси сауаттылық деңгейі арқылы жастар сол еркіндік категориясының екі жақтылығын аңғара алады. Біріншісі – бақылаудың жоқтығы, екіншісі – жауапкершілік. Осылай жүйелі түрде дами келе саяси сауаттылық жастардың бойында саяси

құндылықтарды, идеялар мен мүдделерді дұрыс қалыптастыра береді. Бұл арқылы жастардың ойында алға ұмтылушылық, саяси жаңғыру, гүлденуді аңсау пайда болады. Егер осы айтылған жайтты қоғамдық деңгейге көтерсек бұл қоғамның идеалды жағдайға бет алуы;

- үшіншіден, қазіргі таңдағы қазақстандық жастардың әлеуметтік-саяси ұстанымдар жүйесінде демократиялық құндылықтардың орнауы қоғамда тұрақтандыруға тікелей байланысты. Мемлекеттік билік легитимдігінің ерекшелігі, парламентаризмнің дамуы, саяси-экономикалық плюрализмнің қалыптасуы халықтың сабырлығы арқасында жайлап дамып жатса, мәдениет пен ұлттық салт-дәстүр, әлеуметтік топтардың рухани-әлеуметтік мінез-құлқының кешегі тоталитаризм жүйесінен қалған стереотиптер шеңберінен арыла бастауы әлеуметтік-саяси ұстанымдарың қазіргі қазақстандық жастардың бойына өз ерекшеліктерімен әсер ететіні сөзсіз;

- төртіншіден, жалпы ұлттық идея немесе мемлекеттік идеология қалыптасқан кезде әлеуметтік-саяси ұстанымдар жүйесінің де маңыздылығы ашылады. Жастардың әлеуметтік-саяси ұстанымдары сол мемлекеттік, жалпыхалықтық идея немесе идеологияның жүзеге асуы барысында тиімді қалыптасады. Ұлттық менталитеттің сау, саналы қалыптасуы қоғамдық мәдениеттің дамуына ықпал етеді. Ал мәдениеттің тұрақты дамуы өз кезегінде қазақстандық жастардың әлеуметтік-саяси саладағы

дүниетанымының оң қалыптасуына алып келеді;

- бесіншіден, жастардың әлеуметтік-саяси ұстанымдар жүйесін нығайтудың бір тармағы құқықтық мемлекет жүйесін, азаматтық қоғам құруға деген талпыныспен тікелей байланысты болып отыр. Құқықтық мемлекет азаматтық қоғамның басты көрсеткіштерінің бірі екенін ескерер болсақ, демократиялық қоғам құрудың ұзақ та тарихи үдеріс екенін, яғни ол біздің қоғамның мақсаты екенін ұғыну;

- алтыншыдан, қазақстандық қоғамды модернизациялау үдерісінің маңызды тармағы болып демократияландыру үдерісі қала береді. Жалпы демократиялық құндылықтар қазіргі қоғамда өз орнын алып жатыр. Сондықтан, халықтың күткен, халыққа жағатын «әділеттілік», «еркіндік»,

Алынған мәліметтерді талқылау және қорытынды

Қазақстандық қоғамының трансформациялануы қазақстандық жастардың құндылық жүйесі мен құндылықты ұғыну бағдарларын сырт айналып өтпеді. Бүгінде ұлттық мәдениетке тән құндылықтар жүйесінің қирауы мен қоғамдық сананың өзгергендігі туралы айтылып та жазылып жүр. Қоғамның интеграциялануын бірден-бір қамтамасыз ететін құбылыс бұл құндылық, ол өмірлік маңызы бар жағдайларда тұлғаның өзінің әлеуметтік тұрғыдан қойылатын қадамдарына, әрекеттеріне баруына ықпал етеді. Ал топтың әлеуметтік-саяси ұстанымдары сол құндылықтардың өміршендігін қамтамасыз етеді.

«руханилық» «халықтық көсемнің сенімділігі», «мемлекеттің әлеуметтік қорғаушы ретінде қызмет етуі», «барлық жерде тәртіптің бағалануы» және т.б құндылықтар да жастардың әлеуметтік-саяси ұстанымдарына ықпал етеді;е

- жетіншіден, қоғамдағы демократиялық, рухани әлеуметтік бірігу негізінде әлеуметтік топтардағы, соның ішінде жастар арасында ментальдық бірлік жатыр. Бірігудің негізінде мүдделік қажеттіліктер болатыны сөзсіз. Ал қажеттіліктер өз кезегінде қоғамдағы құндылықтарды қалыптастырады. Яғни қоғамдық үдерістер, оның астарында жатқан демократиялық және құндылықты механизмдер қоғамдағы тұрақтылықты қалыптастырып, мемлекеттің мақсатына жетуіне кепілдік бола алады.

Құндылық бағдарлар шынайылық, нысандарының жиынтығына деген көзқарасты білдіреді, тұлғаның мінез-құлқы реттейді, белгілі бір мақсаттарда, мүдделерде, жоспарларда, талаптарда, сезімдерде көрініс беріледі, адамның өз мақсатын айқындауға ықпал етеді; тұлғаның құрлымының элементтерін білдіреді. Құндылық бағдарлары тұлға құрлымының аса маңызды құрамдас бөлшегі оның ядросы болып табылады, тұлғаның қабілеттілігі мен дамуын анықтайды. Олардың мінез-құлқы реттеушілік функциясын атқарады және адамның тіршілігінің барлық салаларында көрніс табылады. Тек аксиологиялық бағдарлар жүйесі ғана

дүниетанымның қалыптасуына негіз бола алады, өмірлік, тұлғалық және кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісінде көзқарастарында білінеді; оның нәтижесі кәсіби қызметтері таңдауындағы оның мағыналы салаларындағы мен тұлғалық мән-мағынаның тамырластарымен айқындалады. Бұл ретте тұлғаның субъективті құндылықтары кәсіби қызметтің құндылықтарымен үйлесімді түрде сабақта отырып құндылық-мағыналық бірлікті құрады және біртұтас тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді [3].

Жастар әлеуметтік жетістіктердің өмірлік стратегияларын бірінші орынға қоя отырып, нарықтың құндылықтарын тез қабылдады. Құндылықтардың осылайша бөлінуі, жастардың рухани мәдениетінде олардың сана-сезімінің «рухани ядросын» құрайтын, жалпы алғанда ағалар мен әкелердің ұстанымдылығына барынша жақын қасиеттері мен құндылықтары бар деп сеніммен айта алуымызға болатындығы көрсетеді. Осылайша, қазіргі жастардың құндылықтары мен

құндылық бағдарларында мыналарды атуымызға болады; ақиқатқа ұмтылу, отбасының әлеуметтік және рухани тұрақтылығы, тұлғаның құндылығы, денсаулық ұлттық тарихи және мәдениет жеке тұтынушылық құндылық білім құндылығы [5].

Қоғам мен мемлекет алдында барынша салмақты, ғылымға негізделген жастар саясаты арқылы жастардың бойындағы күш-қайратты дұрыс арнаға бағыттауға қолайлы жағдайлар туындату және олардың әлеуметтік мүдделерін, қажеттіліктерін өмірдегі болашағына іске асыруға көмек көрсету міндеті тұр.

Жастардың құндылық және адамгершілік бағдарларының серпінін білу, оларды әлеуметтік-мәдени тұрғыдан талдау, жастардың рухани-мәдени саладағы мүдделері мен қажеттіліктерінің дамуындағы үрдістерді білу, қоғамның мемлекеттік жастар саясаты мен қоғамдық ұйымдардың көмегімен жастарға тигізетін ықпалын жүйелі етуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1 Луков Вал А. Концептуализация молодежи в XXI веке: новые идеи и подходы // Социс. – 2012. - №1. - 5б.

2 Левашов В.К. Риски устойчивого социально-политического развития // Социс. – 2013. - №12. - 5б.

3 Нысанбаев А.Н. Философия взаимопонимания. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 544 б.

4 Канагатова А.М. Теоретические подходы к определению понятий «ценность» и «ценностные ориентации» в измерении современной молодежи // Саясат. - 2009. - №11. – 51 б.

Резюме

Социально-политическая жизнь общества является важной сферой его жизнедеятельности, а ее воспроизводство в трансформирующихся современных условиях становится основной задачей дальнейшего общественного развития. Одним из основных субъектов воспроизводства социально-политических норм и ценностей общества является молодежь, сущностной характеристикой которой предстает способность наследовать и воспроизводить социокультурные образцы, трансформировать их с учетом меняющихся реалий жизни на основе собственного потенциала и транслировать будущим поколениям, внося, тем самым, свой вклад в развитие социума.

Исследование влияния трансформации общественно-политических процессов на социально-политические установки молодежи требует социально-философского осмысления, которое позволит всесторонне раскрыть ее природу, глубже понять влияние данного фактора на формирование сознания и поведение молодежи, выявить особенности формирования индивидуального и группового сознания молодежи. Все это в совокупности и обуславливает актуальность данного исследования.

Summary

Socio-political life of society is the important sphere of its activity, and its reproduction in the transformed modern conditions becomes the main objective of its further social development. One of the main subjects of reproduction of socio-political norms and values of society is the youth whose intrinsic characteristic ability is to inherit and reproduce socio-cultural samples, to transform them taking into account the changing realities of life on the basis of own potential and to broadcast to future generations, making, thereby, the contribution to development of society.

Research of influence of transformation of political processes on socio-political installations of youth demands social and philosophical judgment which will allow to open comprehensively its nature, to understand influence of this factor on formation of consciousness and behavior of youth more deeply, to reveal the features of formation of individual and group consciousness of youth. All this in total also causes relevance of this research.